

Көлтабан ауылдық округінің кейбір елді мекендерінің атаусыз көшелеріне атаулар беру туралы

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Көлтабан ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 10 қарашадағы № 10 шешімі. Ақтөбе облысы Байғанин аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 22 қарашада № 3-4-134 тіркелді.

Ескерту. Шешімнің бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селосына" деген сөздер " ауылдық", "ауылына" деген сөздерімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Көлтабан ауылдық округі әкімінің 19.11.2014 № 14 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің атауы жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Көлтабан ауылдық округі әкімінің 22.02.2017 № 4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Деректемелеріне өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Көлтабан ауылдық округі әкімінің 22.02.2017 № 4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Көлтабан ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Көлтабан ауылдық округі әкімінің 07.12.2020 № 44 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Көлтабан ауылдық округінің кейбір елді мекендерінің атаусыз көшелеріне келесі атаулар берілсін:

Жарлы ауылы:

- 1) Ұстаздар;
- 2) Бейбітшілік;
- 3) 1 мамыр;
- 4) Жанкелді Есенбаев;
- 5) Наурыз;
- 6) Ынтымақ;
- 7) Болат жолы;
- 8) Еңбекшілер;

- 9) Желтоқсан;
- 10) Майтүбек;
- 11) Ардагерлер;
- 12) Астана;
- 13) Қойлыбай Боқанов;
- 14) ЖЫҢҒЫЛДЫТОҒАЙ;
- 15) Әлен Мақыбаев;
- 16) Жарлы;
- 17) Жағалау;
- 18) Жеңіс;
- 19) Тәуелсіздік;

Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Көлтабан ауылдық округі әкімінің 22.02.2017 № 4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Қораши ауылына:

- 1) Бірлік;
- 2) Сарбұлақ;
- 3) Қарабұлақ;
- 4) Достық;
- 5) Қызылтаң;

3. ЖЫҢҒЫЛДЫТОҒАЙ ауылына:

- 1) Наркеткен;

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ескерту. 4 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Көлтабан ауылдық округі әкімінің 07.12.2020 № 44 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Көлтабан ауылдық округі әкімі

С.М. Бітімбай